

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде
2024 – 2025 оқу жылына арналған
ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы: _____ Амангелді орта мектебі _

Топ/сынып

_____ Мектепалды даярлық сыныбы _____

Балалардың жасы _____ 5-6 жас _____

Жоспардың құрылу кезеңі _____ Желтоқсан айы 2024-2025 оқу жылы _____

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Желтоқсан айы	<p>Дене шынықтыру 3 сағат</p>	<p>Спорттық жаттығулар.</p> <p>Дене шынықтыру мен спортқа қызығушылықты ояту және дене шынықтырумен, спортпен айналысуға баулу. Спорт түрлерімен таныстыруды жалғастыру. Спорт залда және спорт алаңында қауіпсіздікті сақтауға баулу.</p> <p>Шанамен сырғанау. Бір-бірін шанамен сырғанату, төбешіктен бір-бірлеп және екі-екіден шанамен сырғанау.</p> <p>Сырғанау. Өз бетінше мұзды жолмен сырғанау, жүгіріп келіп сырғанау.</p> <p>Шаңғымен жүру. Бірінің артынан бірі ауыспалы қадаммен алға жылжу, оң және сол аяқтарымен сырғанау. Бір орнында тұрып оңға, солға бұрылу, айналу.</p> <p>Велосипед, самокат тебу. Шеңбер бойымен және тура жолмен өз бетінше екі дөңгелекті велосипед тебу. Оңға және солға бұрылу.</p> <p>Жүзу. Судың таяз жерінде отырып және жатып аяқпен қимылдар жасау (жоғары және төмен). Судың ішінде қолымен алға, артқа жүру (аяғы денесінің деңгейінде созылған). Иек, көз деңгейіне дейін судың ішінде отыру, суға бетін</p>

	<p>малу, суға үрлеу; суда жүзу.</p> <p>Судағы аэробика. Бұрылыстар жасай отырып, суда қимылдар жасау</p>
<p>Сөйлеуді дамыту 2 сағат</p>	<p>Байланыстырып сөйлеу. Айналасындағылармен өздігінен диалогті бастауға ынталандыру, әңгімелесушіні мұқият тыңдап, сұрақтарды дұрыс қоюға және қойылған сұрақтарға қысқаша немесе толық жауап беруге баулу, әңгімелесу кезінде өзін мәдениетті ұстау, әдепті және сабырлы болу.</p> <p>Негізгі ойды дұрыс жеткізе білу, монологты байланыстырып құра білу, әңгімені бірізді айту, шағын логикалық және хабарлау сипатындағы әңгімелерді құрастыру. Ойыншықтарды, заттарды, сюжеттік суреттер, табиғат құбылыстарын сипаттауда заттар мен нысандардың ерекшеліктерін білдіретін сөздерді дұрыс таңдау, сын есімдер мен үстеулерді қолдану.</p>
<p>Көркем әдебиет 2 сағат</p>	<p>Өленді жатқа, мәнерлеп, интонациямен айту. Көркем шығарманы рөлдерге бөліп, сахналау, рөлдерде кейіпкердің көңіл күйі мен мінезін, бейненің қимылын, интонациясы мен мимикасын беру, қойылымдағы өзінің рөлін мәнерлі дербес орындау.</p>
<p>Сауат ашу негіздері 3 сағат</p>	<p>Қолды жазуға дайындау. Жазу кезінде арқаны дұрыс ұстау ережелерімен таныстыру. Жазу парағында бағдарлай білу, жазу жолы мен жоларалық кеңістікті ажырата білуге үйрету.</p>
<p>Қазақ тілі 2 сағат</p>	<p>Тілдің грамматикалық құрылымы</p> <p>Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуді, интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді жетілдіру. Өз ойын жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру</p>
<p>Математика негіздері 3 сағат</p>	<p>Заттарды түрлі белгілері бойынша (түсі, пішіні, өлшемі, материалы, қолданылуы) салыстыра білуге үйрету. Шартты өлшемнің көмегімен заттардың ұзындығын, енін, биіктігін өлшейді және осы өлшемдер бойынша бірнеше заттарды салыстырады.</p> <p>Сөйлеуде мына сөздерді қолдана білуді қалыптастыру: "үлкен – кіші", "үлкенірек – кішірек", "өлшемдері бірдей", "ұзынырақ – қысқарақ", "ұзындығы бойынша бірдей", "жоғарырақ – төменірек", "биіктігі бойынша бірдей", "тар-кең" "ені бойынша бірдей"; қалың, жұқа, "қалыңдығы бойынша бірдей"; жеңіл,</p>

		<p>ауыр, "салмағы бойынша бірдей"; "пішіні бойынша бірдей және әртүрлі"; түсі бойынша бірдей және әртүрлі.</p> <p>Беттестіру және тұстастыру, жұппен салыстыру әдістерін қолдана отырып, заттарды салыстыруға үйрету, заттар тобынан 2-3 белгілері бойынша сәйкес келмейтін затты бөліп алу.</p>
	<p>Қоршаған ортамен таныстыру 2 сағат</p>	<p>Еңбекке баулу.</p> <p>Әртүрлі мамандықтар, балабақша қызметкерлерінің еңбегі туралы түсініктерін кеңейту, еңбектің мазмұны, сипаты және нәтижесінің маңызын, түсіну және бағалау.</p> <p>Ата-ана еңбегін түсіну, адамдардың еңбектеріндегі өзара байланыстарды байқау. Еңбек ардагерлерін, қарттарды құрметтеу, үлкенді сыйлау, олардың еңбегін бағалау.</p> <p>Шамасы келетін, бірлескен еңбек әрекетіне қатысуға, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, дербестік пен жауапкершілікке баулу. Топта тазалық сақтауға, ойыншықтарды сүртуге, табиғат бұрышындағы тіршілік иелеріне күтім жасауға, кезекшілік міндеттерін жауапкершілікпен атқаруға, жоспарланған нәтижеге жетуге, өзі мен құрдастарының еңбегінің, шығармашылық әрекеттерінің нәтижелерін бағалауға және құрметпен қарауға, кішілерге көмек көрсетуге, қажет болған жағдайда оларға жүгінуге баулу. Айналадағы заттар, ойыншықтар адамның еңбегімен жасалғанын түсіну және оларға ұқыпты қарау</p>
	<p>Шығармашылық бейнелеу іс-әрекеті 1 сағат Құрастыру</p> <p>Сурет салу</p> <p>Мүсіндеу</p> <p>Жапсыру</p>	<p>Ұжымдық сюжетті құрастыру.</p> <p>Шығармашылық ойлауды және қиялдауды дамыту. Қағаздан құрастыру әдістерін қолданып, жазық материалды көлемді формаға өзгерте білуді бекіту. Дайын пішілген кескіндермен жұмыс жасау, күрделі емес сызба сызу, қайшымен нұсқаны тілік етіп кесу мен ойып ала білуді қалыптастыру.</p> <p>бірнеше біртекті заттардың мөлшеріндегі ерекшеліктерін жеткізе білу іскерліктерін қалыптастыру.</p> <p>Өздері білетін пішін жасау тәсілдерін бекіту:</p> <p>көшеде, үйде және балабақшада көрген заттарын бейнелей отырып, елестету арқылы мүсіндеу.</p> <p>Олар бақылау жасаған заттардың бейнесін жеткізе білуге, заттарды түрлі қалыпта мүсіндеуге, бейненің жеке шешімін өздігінен</p>

		<p>табуға үйрету. Сулы шүберекпен пішіннің үстінен тегістеуге және кескішті қолдануға үйрету.</p> <p>екіге бүктелген қағаздан, түрлі қатпарлы бейнелерді қиюды;</p> <p>қатпарланып бүктелген қағаздан бірдей бірнеше пішіндерді және екіге бүктелген қағаздан симметриялы пішіндегі заттарды қиюды;</p>
	<p>Музыка 2 сағат</p>	<p>Қазақ халық аспаптары: домбыра мен қобыз үнінің тембрлік ерекшеліктерімен, «күй» жанрымен, күйші-композиторлар: Құрманғазының, Қорқыттың, Тәттімбеттің, Дина Нұрпейісованың, Дәулеткерей Шығайұлының, Ықылас Дүкенұлының шығармаларымен таныстыру.</p>

Желтоқсан айы
«Дене шынықтыру»
ұйымдастырылған іс-әрекеті

№	Тақырыбы	Сағат саны	күні
1	«Асықпен ойналатын ойындар»	2	2-4.12
2	«Хоккей ойнаймыз!» (таза ауада)	1	6.12
3	«Керуен»	1	9.12
4	«Наурызым қорығы»	1	11.12
5	«Ержүрек құмырсқалар»	1	13.12
6	«Мультфильмдер әлемі»	1	16.12
7	«Шаңғымен жүру» (таза ауада)	1	18.12
8	«Біздің айналамыздағы әлем»	2	20-23.12
9	«Африкаға саяхат»	2	25-27.12

«Сөйлеуді дамыту»
ұйымдастырылған іс-әрекеті

№	Тақырыбы	Сағат саны	күні
1	Қысқа дайындық(ертегі)	2	3-5.12
2	Алғашқы қар	2	10-12.12
3	Менің отаным	2	17-19.12
4	Қыс	2	24-26.12

«Көркем әдебиет»

Ұйымдастырылған іс-әрекеті

№	Тақырыбы	Сағат саны	күні
1	Ақымақ қасқыр	1	3.12
2	Қыс (Абдрахман Асылбековтің өлеңі)	2	6-10.12
3	Тәуелсіз Қазақстан (Оразақын Асқардың өлеңі)	2	13-17.12
4	Тәуелсіздігіміз мәңгілік (Әлия Дәулеткелдінің әңгімесі)	1	20.12
5	Орман емшілері (Максим Зверевтің әңгімесі)	2	24-27.12

«Сауат ашу негіздері»

ұйымдастырылған іс-әрекеті

№	Тақырыбы	Сағат саны	күні
1	Ойнай отырып оқимыз	1	2.12
2	Біз нені үйрендік, нені білдік?	1	4.12
3	Дыбыстық талдау	1	5.12
4	Дыбыстық талдау	1	9.12
5	Дыбыстық талдау	1	11.12
6	Дыбыстық талдау	1	12.12
7	Сөйлем сызбасы	1	18.12
8	Сөйлем құрау	1	19.12
9	Ойнай отырып оқимыз	1	23.12
10	Дыбыстық талдау	1	25.12
11	Біз нені үйрендік, нені білдік?	1	26.12

«Қазақ тілі»

ұйымдастырылған іс-әрекеті

№	Тақырыбы	Сағат саны	күні
1	Саяхатшы ертегісі	1	5.12
2	Тазалықты сүйеміз	1	6.12
3	Таңертең не істейміз?	1	12.12
4	Ұлттық ыдыстар	1	13.12
5	Ыдыс- аяқ дүкені	1	19.12
6	Менің киімдерім	1	20.12
7	Қысқы киім	1	26-27.12

«Математика негіздері»

ұйымдастырылған іс-әрекеті

№	Тақырыбы	Сағат саны	күні
1	Апта күндері.	2	2-3.12
2	Жыл мезгілдері.	2	5-9.12
3	Математикалық жазулар	2	10-12.12
4	Ауыр. Жеңіл	2	17-19-23.12
5	Салмағы бойынша тең және тең емес заттар.	2	24-26.12
6			

«Қоршаған ортамен таныстыру»

Ұйымдастырылған іс-әрекеті

№	Тақырыбы	Сағат саны	күні
1	Менің туған өлкем	2	2-4.12
2	Менің елімнің салтдәстүрлері	2	9-11.12
3	Жайлау. Киіз үйдің құрал-жабдықтары	2	18.12
4	Байланыс құралдары	2	23-25.12

«Шығармашылық бейнелеу іс-әрекеті»
(Құрастыру, Сурет салу, Мүсіндеу, Жапсыру)

Ұйымдастырылған іс-әрекеті

№	Тақырыбы	Сағат саны	күні
1	Көлшікте	1	3.12
2	Қыран құс	1	10.12
3	Қуыршаққа арналған сәнді киім	1	17.12
4	Менің сүйікті ойыншығым	1	24.12

«Музыка»

Ұйымдастырылған іс-әрекеті

№	Тақырыбы	Сағат саны	күні
1	Біздің рәміздер	2	4-6.12
2	«Егеменді елім»	1	11.12
3	«Қысқы орманда»	2	13-18.12
4	«Орманда серуендейміз»	2	20-25.12
5	«Қысқы әуен сыңғырлайды»	1	27.12